

**2025-2026 оқу жылына арналған
магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша
оқуға қабылдау
Ережесі**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы қағидалар (5 бап, 11 тармақ) 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының (бұдан әрі – Консерватория) магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша тұлғаларды оқуға қабылдау тәртібіне сәйкес әзірленді.

2. Магистранттар мен докторанттар контингентін қалыптастыру ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының азаматы мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі тегін білім алуға, егер оның әрбір деңгейінен (магистратура, докторантура) бірінші рет білім алса, үміткер бола алады.

4. Шетелдіктерді магистратураға және докторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

5. Магистратураға тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) және білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша екі шығармашылық түсу емтиханының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

КТ өткізу Білім Министрінің бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы ғылымының 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген).

КТ-ны Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі айқындайтын КТ өткізу пункттерінде (бұдан әрі – ҰТО) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі-ҚР ҒЖБМ). Ұлттық тестілеу орталығы жүргізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында расталады. Түсу (шығармашылық) емтихандарын және КТ-ны тапсыру кезеңінде оларды қайта тапсыруға жол берілмейді.

6. Тұлғаларды докторантураға қабылдау білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша екі түсу шығармашылық емтихандарының нәтижелері бойынша, міндетті түрде Халықаралық шет тілін меңгеру сертификаты және ҚАЗТЕСТ сертификаты болған кезде конкурстық негізде жүзеге асырылады.

7. Шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжаттарды алған тұлғалар магистратураға, докторантураға түсу үшін білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау рәсімінен өтуі қажет. Халықаралық шарттар (келісімдер) шеңберінде шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының аумағында танылады.

8. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін Қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады.

9. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңінде ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты немесе тиісті сала бойынша PhD философия докторы) не құрметті атағы (ҚР Халық әртісі, ҚР Еңбек сіңірген әртісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері) бар профессорлық-оқытушылық құрам қатарынан қалыптасатын емтихан комиссиясы құрылады.

10. Шығармашылық емтихандар аудио / бейнежазбамен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

11. Магистратураға түсетін өтініштерді қабылдау 2025 жылғы 01 маусымнан 08 шілдеге дейін жүргізіледі, 2025 жылғы 28 қазаннан 10 қарашаға дейін. Докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау 2025 жылдың 03 шілдесінен 03 тамызына дейін жүргізіледі, 2025 жылғы 28 қазаннан 10 қарашаға дейін.

12. Магистратураға кешенді тестілеу (КТ) 2023 жылғы 20 шілде мен 10 тамыз аралығында өткізіледі (15 шілдеге дейін КТ тіркеу).

13. Магистратураға түсу емтихандарын өткізу мерзімі: 2025 жылғы 16 шілде мен 25 шілде аралығында, 2025 жылғы 21-28 қараша аралығында (консерватория сайтында магистратураға жазғы қабылдау бойынша шығармашылық түсу емтихандарының кестесі).

Докторантураға түсу емтихандарын өткізу мерзімі: 2025 жылғы 04 тамыз бен 20 тамыз аралығында, 2025 жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін (Консерватория сайтында докторантураға жазғы қабылдау бойынша шығармашылық түсу емтихандарының кестесі).

Оқуға қабылдау 2025 жылғы 28 тамызға дейін жүзеге асырылады.

14. КТ нәтижелері бойынша тәлектрондық сертификат беріледі, ол ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

Шығармашылық түсу емтихандарын және КТ-ны тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға жол берілмейді.

«Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген мүгедектікті белгілеу

туралы құжатты көрсетіп, көру, есту, тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған мүгедектігі бар адамдар қосымша тестілеуге және түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) қабылдау емтиханы шеңберінде тапсырылатын пәндердің оқытушысы емес қосымша көмекші ұсыну қажеттігі туралы көрсетеді.

II. МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

15. Магистратураға «Өнер» бағыты бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

«Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасына техникалық және медициналық мамандықтарды қоспағанда, бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

Бакалавриаттың бір мамандығынан магистратураның басқа мамандығына түсетін жағдайда, тиісті магистратура білім беру бағдарламасын меңгеру үшін қажетті пререквизиттер тізбесін жоғары оқу орны айқындайды.

«Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасына басқа мамандықтан магистратураға түсетін тұлғалар үшін келесі пререквизиттер қажет: «Менеджмент негіздері», «Маркетинг негіздері», «Концерттік менеджмент тарихы».

Пререквизиттер ақылы негізде меңгеріледі. Пререквизиттерді игеру мерзімі – оқу басталғанға дейін.

16. Магистратураға түсуші тұлғалар консерваторияның Қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды қолма-қол және Platonus ақпараттық жүйесі <https://platonus.conservatoire.kz/registration.html> арқылы тапсырады:

- ректордың атына жазылған өтініш (1 қосымша);
 - білімі туралы құжат қосымшасымен бірге (түпнұсқа);
 - жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
 - 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
 - № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/у нысаны бойынша медициналық құжаттама.
- Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынылады;
- еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
 - ғылыми-шығармашылық портфолио (олар болған жағдайда) (2 қосымша);

- осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес шет тілін меңгеруге тест тапсырғанын растайтын халықаралық сертификаттың түпнұсқасы (бар болса);
- талаптарға сәйкес болашақ магистрлік диссертация тақырыбы бойынша реферат (3 қосымша). Рефераттың қағаз және электрондық нұсқасы (PDF) **2025 жылдың 08 шілдесіне дейін, бір рет қабылданады**, поштаға: dinara.keshubayeva.75@mail.ru жіберіледі.
- емтиханға шығарылатын шығармалар тізімі шығарылған қағаз түрінде (орындаушылар үшін);
- КТ үшін төлем туралы түбіртек (кешенді тестілеуге сілтеме app.testcenter.kz бойынша тіркелу);
- құжат тігілетін папка (қағаз, кәдімгі), конверт орташа, 6 файл.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда Қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

III. ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

17. PhD докторантураға "магистр" дәрежесі және кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар адамдар қабылданады.

Магистратураның бір мамандығынан докторантураның басқа мамандығына түскен жағдайда ЖОО докторантураның тиісті білім беру бағдарламасын меңгеру үшін қажетті пререквизиттер тізбесін айқындайды.

Пререквизиттер ақылы негізде меңгеріледі. Пререквизиттерді игеру мерзімі – оқу басталғанға дейін.

18. Докторантураға түсуші тұлғалар консерваторияның Қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды қолма-қол және Platonus ақпараттық жүйесі <https://platonus.conservatoire.kz/registration.html> арқылы тапсырады:

- ректордың атына жазылған өтініш (1 қосымша);
- білімі туралы құжат қосымшасымен бірге (түпнұсқа);
- жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес шет тілін меңгеруге тест тапсырғанын растайтын халықаралық сертификаттың түпнұсқасы (бар болса);
- түпнұсқа мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы ҰТО берген ресми сертификаты (ҚАЗТЕСТ). <http://kazakhtest.kz/kz/news/588676/>, Шетелдік азаматтарды қоспағанда.

- № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/у нысаны бойынша медициналық құжаттама). Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынылады;
- 3х4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек қызметін растайтын өзге де құжат;
- соңғы күнтізбелік 3 жылдағы ғылыми-шығармашылық портфолио (бар болса), зерттеу жоспары өткізу, эссе (4, 9 қосымша);
- талаптарға сәйкес болашақ докторлық диссертация тақырыбы бойынша реферат **202ғ жылдың 03 тамызына дейін, бір рет қабылданады** (5 қосымша);
- емтиханға шығарылатын шығармалар тізімі (орындаушылар үшін);
- құжат тігілетін папка (қағаз, кәдімгі), конверт орташа, 6 файл.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда Қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

IV. ТҮСУ ЕМТИХАНДАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

19. Магистратураға түсуші тұлғалар келесі емтихандарды тапсырады:

КТ (кешенді тестілеу), оған шет тілі бойынша тест (таңдауы бойынша ағылшын, неміс, француз), оқуға дайындығын анықтауға арналған тест (таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде) кіреді;

- екі шығармашылық емтихан өткізіледі (рефератты қорғау және мамандық бойынша емтихан).

Бейінді магистратураға қазақ немесе орыс тілдерімен түсетін тұлғалар қазақ немесе орыс тілдерінде таңдау бойынша білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестті қамтитын КТ тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша бейінді магистратураға түсуші тұлғалар КТ тапсыра алмайды.

20. Докторантураға түсуші тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады (рефератты қорғау және мамандық бойынша емтихан, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар).

21. Магистратураға түсушілер бағдарламалар бойынша шет тілі (ағылшын, неміс, француз) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат болған жағдайда шет тілі бойынша тесттен босатылады (№8 қосымша):

Магистратураға немесе резидентураға түсетін адамдар: ЖЖОКБҰ-ға жүгінген кезде шет тілін меңгергенін растайтын келесі сертификаттарды тапсырады.

Ағылшын тілін білу бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернационал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл-кемінде 6.0 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (TOEFL IBT), шекті балл-кемінде 60 балл;

неміс тілін білу бойынша:

Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH) (ДЙСИЭИЧ) - B2 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Prufung (тестдаф-прюфун) (TDF) (ТЙДИЭФ) - B2 деңгейінен төмен емес;

француз тілін білу бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) - B2 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - B2 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

22. Докторантураға түсушілер бағдарламалар бойынша шет тілін (ағылшын, неміс, француз) меңгергенін растайтын электрондық сертификат ұсынады:

International English Language Tests System Academic (Интернационал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл-кемінде 5.0 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internetbased

Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл-кемінде 35 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институционал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл-кемінде 417 балл;

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл-кемінде 550 балл;

Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл-кемінде 80 балл;

по владению немецким языком:

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДЙСИЭИЧ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Prüfung Niveau B1 (тестдаф-прюфун ниво B1) (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;

по владению французским языком:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) – не ниже уровня B1 по секциям чтения и аудирования;

Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELFI) (ДЭЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALFI) (ДАЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B1 деңгейінен төмен емес.

Сертификаты бар тұлғалар (TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language institutional Testing Programm) докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Максималды балл-100 балл.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «рұқсат беру» немесе «жібермеу» нысанында бағаланады. «Рұқсат» бағасын алу үшін кемінде 75 балл жинау қажет.

ҰТО ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсыру күні, уақыты және орны оқуға түсушілердің назарына олардың жеке кабинеті арқылы жеткізіледі.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған кезде Қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының және ЖЖОКБҰ докторантурасына түсушілерді алдын ала іріктеу түсу емтихандары басталғанға дейін күнтізбелік жылдың 1 ақпаны мен 31 мамыры аралығында жүргізіледі.

23. Емтиханға кіру үміткерлер тізімі бойынша жүргізіледі және оны қабылдау пәндік комиссиясының техникалық хатшысы қамтамасыз етеді:

- Емтиханға кірген кезде әрбір үміткер жеке куәлігін көрсетеді;
- Емтихан барысын пәндік комиссияның төрағасы реттейді және қамтамасыз етеді; пәндік комиссияның хатшысы емтихан және талқылау хаттамасын жүргізеді;
- Талқылау аяқталғаннан кейін пәндік комиссияның хатшысы қорытынды балдарды хаттамаға қояды және комиссия мүшелерінің қатысуымен әрбір үміткер бойынша балдарды дауыстап және анық айтады. Талқылау аяқталғаннан кейін бір сағат ішінде құжат кешіктірілмей жіберіледі.
- Үміткерлерге алынған бағалар туралы хабарлау консерваторияның сайты арқылы жүзеге асырылады;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін консерватория түсу емтихандары үшін арнайы сатып алған камералармен қабылдау емтихандарының барысын «экраннан» жазу жүзеге асырылатын болады. Түсірілімді ұйымдастыруға жауаптылар – IT бөлімі, Қабылдау комиссиясы.

24. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда қабылдау кезінде екі шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша неғұрлым жоғары балы бар адамдар басым құқық алады. Екі шығармашылық емтиханның көрсеткіштері бірдей болған жағдайда басым құқықты шет тілі бойынша неғұрлым жоғары балл және оқуға дайындығын анықтауға арналған тест (кешенді тестілеу) бар адамдар алады. Одан кейін дипломдық қосымшада (алдыңғы білім деңгейі) GPA ескеріледі. Сонымен қатар, таңдалған мамандықтың бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер, ғылыми жарияланымдар ескеріледі; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін марапаттар/дипломдар.

V. ШАҒЫМ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

25. Емтихандар өткізу кезеңінде арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында

Консерватория басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен құрамы төрағасын қоса алғанда, мүшелерінің тақ санынан тұратын шағым комиссия құрылады.

- Шағым комиссиясы құрамы консерваторияның ПОҚ қатарынан әрбір білім беру бағдарламасының өкілі кіретін бірнеше ұқсас білім беру бағдарламаларынан құрылады;
- Шағымға өтінішті шағым комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі береді, арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және шағым комиссиясы бір күн ішінде қарайды.
- Келіп түскен арыздармен жұмыс істеу үшін шағым комиссиясы үміткерлердің сөйлеген сөздерінің бейне / аудиозаждарын, хаттамаларды және объективті шешім шығару үшін қажетті басқа да құжаттарды талап етуге құқығы бар;
- Шағым комиссиясының шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы шағым жөніндегі шешім қатысып отырған комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Шағым комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның даусы шешуші болып табылады. Шағым комиссиясының жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.
- Шағымды қарау қорытындылары бойынша комиссия шағымға берген үміткерді қабылданған шешім туралы келесі күні 18-00-ден кешіктірмей хабардар етеді.

VI. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

Магистратура

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға КТ және (немесе) түсу емтиханы және (немесе) шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

ғылыми-педагогикалық магистратура үшін, оның ішінде білім беру бағдарламаларының топтары бойынша – кемінде 75 балл. Бұл ретте шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын айқындауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл.

Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейінді магистратураға адамдарды ақылы негізде қабылдау Қағидаларға 7-1-қосымшаға (бұдан әрі – 7-1-қосымша) сәйкес қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейінді магистратураға кешенді тестілеу үшін 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес КТ қорытындылары бойынша жүзеге асырылады: кемінде 30 балл, бұл ретте

бейін бойынша білім беру бағдарламаларының топтары: бірінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл.

Магистратураға түсуші адамдар ЖЖОКБҰ белгілеген шекті өту балынан өткен жағдайда ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

Докторантура

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада оқуға түсу емтиханы бойынша кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

Тұлғаларды докторантураға ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалар тобының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша ықтимал 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

26. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратурада оқуға конкурстық негізде кемінде 75 балл (ең жоғары 150 баллдан) жинаған тұлғалар қабылданады.

27. Тұлғаларды докторантураға қабылдау екі шығармашылық емтихан қорытындысы бойынша шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат негізінде және ең жоғары 100 балдан кемінде 75 балл жинаған (7-қосымша) жүзеге асырылады.

Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқықты білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханының неғұрлым жоғары бағасы бар адамдар алады. Содан кейін білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін эссе, ғылыми жетістіктер үшін келесі ұпайлар ескеріледі: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде соңғы 3 күнтізбелік жылдағы Clarivate Analytics компаниясының Web of science дерекқорының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдарда; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар /дипломдар".

28. Шығармашылық емтихандар және КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін шағым комиссиясы құрылады, оның құрамы Қабылдау комиссия төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Шағымға өтініш КТ, шығармашылық емтихандар нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және өтініш берілген күннен бастап 1 (бір) күн ішінде қаралады. **Тұлға шағым комиссиясының отырысына келмеген жағдайда оның өтініші қаралмайды.**

29. Осы қағидалармен регламенттелмеген мәселелерді Қабылдау комиссиясы дербес шешеді.

30. Магистратураға, докторантураға шетел азаматтарын қабылдау 2025 жылғы 20 тамызға дейін Қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады. Оқуға қабылдау 2025 жылғы 28 тамызға дейін жүзеге асырылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 21 шілдеде №23626 болып тіркелген). «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидалары» [Ережесіне](#) сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады. Шет тіліндегі құжаттар нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен қоса ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде адамдарды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

**Құрманғазы атындағы
Қазақ ұлттық
консерваториясы
РММ
Ректоры
Г.Тасбергеноваға**

(толық аты-жөні жеке куәлігі бойынша)

(мекенжайы)

(тел.: үй, ұялы)

(жұмыс орны)

Өтініш

Сізден мені білім беру бағдарламасы *(мамандық атауын жазу)* бойынша магистратураға *(ғылыми-педагогикалық бағыт / бейіндік бағыт)* қажеттінің астын сызу // докторантураға *(қажетінің асты сызылсын)* білім беру бағдарламасына *(білім беру бағдарламасының атауын жазыңыз)* түсу емтихандарын тапсыруға жіберуіңізді сұраймын.

бюджеттік, шарттық негізде *(қажеттісінің астын сызу)*.

Оқу тілі – қазақ / орыс тілін таңдаймын *(қажеттісінің астын сызу керек)*.

Қажетті құжаттар қоса беріледі.

(күні, қолы)

**Магистратураға түсуге үміткерлерге арналған
ғылыми-шығармашылық портфолио құрылымы**

1. Авторлық жұмыстар – бакалавриатта оқу кезінде орындалған жазбаша жұмыстар (эсселер, рефераттар және т.б.); ғылыми мақалалар; зерттеу жұмыстары және т. б. Портфолиоға жазбаша пікірлер, мақалалар / жазбаша жұмыстарға рецензиялар орналастырылуы мүмкін.

2. Академиялық ұтқырлық бойынша оқу нәтижелері – академиялық ұтқырлық процесіне қатысуды сипаттайтын зерттеу және шығармашылық материалдардың, құжаттардың бедерлері: ғылыми конференцияларға, семинарларға, шеберлік сыныптарына, конкурстарға, фестивальдарға қатысу, зерттеу нәтижелерін апробациялаудың өзге де нысандары, әртүрлі тағылымдамалар. Портфолиоға түсуші баяндамаларының немесе өзге де ғылыми хабарламаларының тақырыптарын, жарияланған баяндама тезистерін, сертификаттарын, зерттеушілік және шығармашылық күзіреттердің алынғанын растайтын өзге де құжаттарды көрсете отырып, оған қатысатыны туралы жазылған конференция бағдарламалары және т. б. орналастырылуы мүмкін. Портфолио сонымен қатар конференциялардан сурет-есептерді, ғылыми хабарламалармен, концерттік қойылымдармен және т. б. қатысушылардың сөйлеген сөздерінің аудио және бейне үзінділерін қамтуы мүмкін.

3. Жетістіктер тізімі – оқуға түсушінің танылған жетістіктерін куәландыратын ресми құжаттардың көшірмелері: марапаттар, алғыс хаттар және ұсыным хаттар, қатысу сертификаттары, атаулы стипендиялар аттестаттары, сіңірген еңбегі үшін академиялық стипендиялар тағайындау туралы бұйрықтар, лауреаттық дипломдары және т. б.

**Магистратураға түсуші тұлғаларға арналған болашақ диссертация
тақырыбы бойынша рефератқа қойылатын
Талаптар**

1. Реферат тақырыбы мен мазмұны мамандықтың бейініне сәйкес келуі тиіс. Оның тақырыбы қорғалған дипломдық жұмыстың атауымен сәйкес келмеуі керек. Реферат тақырыбы кеңірек көлемде алынғаны шарт. Онда диплом жұмысының материалдары пайдаланылуы мүмкін (50% -на дейін).
2. Реферат қазақ немесе орыс тілдерінде орындалады.
3. Жалпы жұмыс көлемі: «Музыкатану» мамандығы үшін 20-25 бет (титул парағы, мазмұны мен әдебиеттер тізімін ескере отырып), орындаушылық мамандықтар үшін 15-20 бет (титул парағы, мазмұны мен әдебиеттер тізімін ескере отырып). Көлемі 2-3 беттен аспауы мүмкін.
4. Рефератта көрсетілуі тиіс мәліметтер:
 - тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы;
 - объектінің, заттың, жұмыстың мақсаты мен міндеттерінің тұжырымы;
 - әдіснамалық база-реферат тақырыбы бойынша соңғы жарияланымдар мен зерттеулерді талдау, зерттеу әдістері, мәселенің шешілмеген бөлігі;
 - зерттеудің практикалық маңыздылығы;
 - шығу деректері көрсетілген пайдаланылған дереккөздердің тізімі (атауы, шыққан жері және жылы, беттер саны).
5. Пішімі: жоларалық интервал – дара. Қаріп түсі-қара. Қаріп – «Times New Roman». Кегль (өлшемі) – 14. Бет шеттерінің өлшемдері: оң жағы – 10 мм., сол жағы – 30 мм., жоғарғы және төменгі жағы – 20 мм. қызыл жолдың шегінісі бүкіл мәтін бойынша бірдей.
6. Мәтінде зерттеудің мәнін көрсететін жұмыстың құрылымдық бөліктері – кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды, сондай-ақ тақырыптар мен тақырыпшалар көрсетілуі керек.
7. Рефератта: титул парағы, мазмұны, аннотация, кіріспе, негізгі бөлім (бөлімдер), қорытынды (қорытынды бөлім), қосымшалар, пайдаланылған дереккөздердің нөмірленген тізімі болуы тиіс.
8. Титулдық парақта келесі мәліметтер келтіріледі: тақырыбы, шифры және мамандық атауы, тегі және аты, қаласы, орындалған жылы. Беттің нөмірі титулдық бетке қойылмайды. **Қосымшадағы титул парағының үлгісі.**
9. Мазмұны – жеке бөлімдер бойынша беттердің нөмірлері көрсетіледі.
10. Аннотация жұмысты қысқаша сипаттауы керек. Онда зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін, фактілері мен нәтижелерін көрсету, сондай-ақ тақырыптың өзектілігін атап өту маңызды. Көлемі 40-50 сөз. Аннотация қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

11. Барлық сілтемелер немесе жол асты жазбалары сол бетте орналасқан.
12. Дәйексөздерді рәсімдеу: ғылыми жұмыстардың нормативтеріне сәйкес рәсімделеді (әдеби дереккөзі көрсетілген сілтемелер, бет нөмірі міндетті). Цитаталық материал реферат мәтінінің жалпы көлемінің 20%-нан аспауы тиіс.
13. Рефераттың бөлімдері мен кіші бөлімдерінің тақырыптары болуы керек, олар бөлімдердің, кіші бөлімдердің мазмұнын нақты және қысқаша көрсетуі керек. Бөлімдер мен бөлімдердің тақырыптары бөлек жолда бас әріппен, соңында нүктесіз, астын сызусыз басылуы керек.
14. Нөмірлеу: беттер араб цифрларымен нөмірленіп, бүкіл мәтін бойынша нөмірленуі керек. Бет нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.
15. Кестелердің дизайны: барлық кестелер, егер бірнеше болса, бүкіл мәтін ішінде араб цифрларымен нөмірленеді. Кестенің оң жақ жоғарғы бұрышының үстіне «...кесте» кестенің реттік нөмірін көрсетумен. Кестелерге парақтың ортасында орналасқан тақырыптық тақырыптар тағайындалады және соңында нүктесіз бас әріппен жазылады.
16. Ноталық мысалдардың дизайны: ноталық мысалдар (егер бар болса) рефератқа қосымша ретінде басылады және реферат мәтінінің негізгі парағына кірмейді. Олар нөмірленіп, ортасында туралануы керек.
17. Қосымша: музыкалық мысалдар, кестелер, фотосуреттер және т. б. болуы мүмкін.

Рефератты қорғау барысында зерттеу тақырыбына байланысты музыка теориясы, тарихы, музыкалық фольклор немесе арнайы пәндерді оқыту әдістемесі бойынша сұрақтар қойылуы мүмкін.

Рефератты магистрлік диссертацияның болашақ тақырыбының ғылыми негіздемесі бар қағаз түрінде (жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне), сондай-ақ магистрлік диссертацияның болашақ тақырыбының ғылыми негіздемесі бар электрондық түрде (PDF) поштаға жіберу қажет: dinara.keshubayeva.75@mail.ru

Хаттың тақырыбында мыналар көрсетілсін: «Реферат толық аты-жөні, магистратураға үміткер».

Барлық рефераттар плагиатқа тексеріледі. Түпнұсқа мәтіннің шекті пайызы 65%-дан төмен емес.

Рефератты тапсыру мерзімі 2025 жылғы 08 шілдеге дейін, реферат бір рет қабылданады. Реферат қайта қабылданбайды.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Рефератты қорғау бойынша шығармашылық емтихан үшін ең жоғары баға 35 баллды құрайды. Ең төменгі өту балы – 7.

– *27-35 балл (өте жақсы)*

Үміткер өзекті мәселені, жеткілікті эрудицияны, аналитикалық ойлауды, ғылыми аппаратқа ие болуды, мәселелердің шешу жолдарын көруді көрсетуі тиіс.

– *17-26 балл (жақсы)*

Үміткер мақсаты мен міндеттерін жақсы тұжырымдайды, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды баяндайды. Бірақ бұл ретте қарастырылып отырған мәселенің теориясы, тарихы және әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жеткіліксіз деңгейін көрсетеді.

– *7-16 балл (қанағаттанарлық)*

Зерттеу мәселесінің мәнін әлсіз түсіну, жазбаша ғылыми баяндау дағдысын жеткіліксіз меңгеру, жұмыстың өзектілігінің жеткіліксіз дәлелденуі.

– *0-6 балл (қанағаттанарлықсыз)*

Зерттеудің практикалық маңыздылығының болмауы, көлемі аз (10 және одан аз бет), ғылыми аппараттардың әлсіз болуы, тақырыптың мамандық бейініне сәйкес келмеуі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
«ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ» РММ**

Тақырыбы: «.....»

Мамандықтың шифры мен атауы

РЕФЕРАТ

Орындаған: _____ **Аты-жөні**

Алматы – 2025

**Докторантураға түсуге үміткерлерге арналған
ғылыми-шығармашылық портфолио құрылымы**

1. Авторлық жұмыстар – магистратурада оқу кезінде орындалған жазбаша жұмыстар (эссе, рефераттар және т.б.); ғылыми мақалалар; зерттеу жұмыстары және т. б. Портфолиоға жазбаша пікірлер, мақалалар/жазбаша жұмыстарға рецензиялар орналастырылуы мүмкін.

2. Жеке зерттеу мұрағаты – зерттеудің эмпирикалық, дереккөздік базасының қалыптасуын сипаттайтын әртүрлі қосалқы материалдардың жүйеленген және үміткердің түсіндірмелерімен сүйемелденетін жинағы:

- негізгі дереккөздердің дайындалған библиографиясы, рефераттары (конспектілері, фотокошірмелері);
- зерттеу тақырыбы бойынша жүйелі әдебиеттер тізімі;
- зерттеу тақырыбы бойынша талдамалық есеп;
- газет және журнал қиындыларының, интернет-сайттардан мақалалардың көшірмелерінің және т.б. зерттеу тақырыбы бойынша жүйеленген мұрағаттар.

3. Академиялық ұтқырлық бойынша оқу нәтижелері – академиялық ұтқырлық процесіне қатысуды сипаттайтын зерттеу және шығармашылық материалдардың, құжаттардың бедерлері: ғылыми конференцияларға, семинарларға, шеберлік сыныптарына, конкурстарға, фестивальдарға қатысу, зерттеу нәтижелерін апробациялаудың өзге де нысандары, әртүрлі тағылымдамалар. Портфолиоға түсушінің баяндамаларының немесе өзге де ғылыми хабарламаларының тақырыптарын, жарияланған баяндама тезистерін, сертификаттарын, зерттеушілік және шығармашылық құзыреттердің алынғанын растайтын өзге де құжаттарды көрсете отырып, оған қатысатыны туралы жазылған конференция бағдарламалары және т. б. орналастырылуы мүмкін. Портфолио сонымен қатар конференциялардан фото-есептерді, ғылыми хабарламалармен, концерттік қойылымдармен және т. б. қатысушылардың сөйлеген сөздерінің аудио және бейне үзінділерін қамтуы мүмкін.

4. Жетістіктер тізімі – оқуға түсушінің танылған жетістіктерін куәландыратын ресми құжаттардың көшірмелері: марапаттар, алғыс хаттар және ұсыным хаттар, қатысу сертификаттары, атаулы стипендиялар аттестаттары, сіңірген еңбегі үшін академиялық стипендиялар тағайындау туралы бұйрықтар, лауреаттар дипломдары және т. б.

**Докторантураға түсетін тұлғаларға арналған
болашақ диссертация тақырыбы бойынша рефератқа қойылатын
Талаптар**

1. Рефераттың тақырыбы мен мазмұны мамандық бейініне сәйкес келуі тиіс. Рефераттың тақырыбы қорғалған магистрлік диссертацияның атауымен сәйкес келмеуі тиіс.
2. Реферат қазақ немесе орыс тілдерінде орындалады.
3. Реферат көлемі 25-30 беттен кем емес.
4. Рефератта көрсетілуі тиіс мәліметтер:
 - тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы;
 - объектінің, заттың, жұмыстың мақсаты мен міндеттерінің тұжырымы;
 - зерттеу әдістемесі;
 - зерттеу тақырыбының зерттелу дәрежесі;
 - күтілетін нәтиже, зерттеудің практикалық маңыздылығы;
 - шығу деректері көрсетілген пайдаланылған дереккөздердің тізімі (атауы, шыққан жері және жылы, беттер саны).
5. Пішімі: жоларалық интервал – дара. Қаріп түсі-қара. Қаріп – «Times New Roman». Кегль (өлшемі) – 14. Бет шеттерінің өлшемдері: оң жағы – 10 мм., сол жағы – 30 мм., жоғарғы және төменгі жағы – 20 мм. қызыл жолдың шегінісі бүкіл мәтін бойынша бірдей.
6. Мәтінде зерттеудің мәнін көрсететін жұмыстың құрылымдық бөліктері – кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды, сондай-ақ тақырыптар мен тақырыпшалар көрсетілуі керек.
7. Рефератта: титул парағы, мазмұны, аннотация, кіріспе, негізгі бөлім (бөлімдер), қорытынды (қорытынды бөлім), қосымшалар, пайдаланылған дереккөздердің нөмірленген тізімі болуы тиіс.
8. Титулдық парақта келесі мәліметтер келтіріледі: тақырыбы, шифры және мамандық атауы, тегі және аты, қаласы, орындалған жылы. Беттің нөмірі титулдық бетке қойылмайды. **Қосымшадағы титул парағының үлгісі.**
9. Мазмұны-жеке бөлімдер бойынша беттердің нөмірлері көрсетіледі
10. Аннотация жұмысты қысқаша сипаттауы керек. Онда зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін, фактілері мен нәтижелерін көрсету, сондай-ақ тақырыптың өзектілігін атап өту маңызды. Көлемі-40-50 сөз. Аннотация қазақ және орыс тілдерінде беріледі.
11. Барлық сілтемелер немесе жол асты жазбалары сол бетте орналасқан.
12. Рефераттың сілтемелік материалы ғылыми жұмыстардың нормативтеріне сәйкес рәсімделеді (сілтеменің әдебиет көзі, бет нөмірі көрсетілуі міндетті). Цитаталық материал реферат мәтінінің жалпы көлемінің 20% - нан аспауы тиіс.

- 13.Рефераттың бөлімдері мен кіші бөлімдерінің тақырыптары болуы керек, олар бөлімдердің, кіші бөлімдердің мазмұнын нақты және қысқаша көрсетуі керек. Бөлімдер мен бөлімдердің тақырыптары бөлек жолда бас әріппен, соңында нүктесіз, астын сызусыз басылуы керек.
- 14.Нөмірлеу: беттер араб цифрларымен нөмірленіп, бүкіл мәтін бойынша нөмірленуі керек. Бет нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.
- 15.Кестелердің дизайны: барлық кестелер, егер бірнеше болса, бүкіл мәтін ішінде араб цифрларымен нөмірленеді. Кестенің оң жақ жоғарғы бұрышының үстіне «...кесте» кестенің реттік нөмірін көрсетумен. Кестелерге парақтың ортасында орналасқан тақырыптық тақырыптар тағайындалады және соңында нүктесіз бас әріппен жазылады.
- 16.Ноталық мысалдардың дизайны: ноталық мысалдар (егер бар болса) рефератқа қосымша ретінде басылады және реферат мәтінінің негізгі парағына кірмейді. Олар нөмірленіп, ортасында туралануы керек.
- 17.Қосымша: музыкалық мысалдар, кестелер, фотосуреттер және т. б. болуы мүмкін.

Рефератты қорғау сонымен қатар таңдалған зерттеу тақырыбына байланысты Музыка теориясы, тарихы, музыкалық фольклор, заманауи музыка, музыкатану әдіснамасы бойынша мүмкін сұрақтарды қамтиды.

Рефератты докторлық диссертацияның болашақ тақырыбының ғылыми негіздемесі бар қағаз түрінде (жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне), сондай-ақ докторлық диссертацияның болашақ тақырыбының ғылыми негіздемесі бар электрондық түрде (PDF) поштаға жіберу қажет: dinara.keshubayeva.75@mail.ru.

Хат тақырыбында мыналар көрсетілсін: «Реферат толық аты-жөні, докторантураға үміткер».

Барлық рефераттар плагиатқа тексеріледі. Түпнұсқа мәтіннің шекті пайызы-70% - дан төмен емес.

Реферат тапсыру мерзімі 2025 жылдың 3 тамызына дейін, реферат бір рет қабылданады. Реферат қайта қабылданбайды.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Рефератты қорғау бойынша шығармашылық емтиханның ең жоғарғы бағасы 50 баллды құрайды. Ең төменгі өту балы – 25.

– 45-50 балл (өте жақсы)

Талапкер өзекті мәселені, жеткілікті эрудицияны, аналитикалық ойлауды, ғылыми аппаратқа ие болуды, проблеманы шешу жолдарын көруді көрсетуі тиіс.

– 36-44 балл (жақсы)

Талапкер мақсаты мен міндеттерін жақсы құрастырады, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды баяндайды. Бірақ бұл ретте қарастырылып отырған мәселенің теориясы, тарихы және әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жеткіліксіз деңгейін көрсетеді.

– **25-35 балл (қанағаттанарлық)**

Зерттеу проблемасының мәнін әлсіз түсіну, жазбаша ғылыми баяндау дағдысын жеткіліксіз меңгеру, жұмыстың өзектілігінің жеткіліксіз дәлелденуі.

– **0-24 балл (қанағаттанарлықсыз)**

Зерттеудің практикалық маңыздылығының болмауы, көлемі аз (10 және одан аз бет), ғылыми аппараттардың әлсіз болуы, тақырыптың мамандық бейініне сәйкес келмеуі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
«ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

Тақырыбы: «.....»

Шифр және мамандық атауы

РЕФЕРАТ

Орындаған: Аты-жөні

Алматы – 2025

Магистратураға түсушілерге арналған бағалау жүйесінің шкаласы

Емтихан түрі	Тапсырма түрі	Тапсыру тілі	Жоғарғы балл	Шекті балл
Шет тілі бойынша Тест	– тыңдау – лексика- грамматикалық тесті – оқу	ағылшын / неміс / француз	50	25
Оқуға дайындығын анықтауға арналған Тест	Бір дұрыс жауапты таңдау тесті	Қазақша/ Орысша	30	7
№ 1 шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау	Қазақша/ Орысша	35	7
№ 2 шығармашылық емтихан	Мамандығы	Қазақ / Орыс	35	7
Барлығы			150	46

Докторантураға түсушілерге арналған бағалау жүйесінің шкаласы

Емтихан түрі	Тапсырма түрі	Тапсыру тілі	Жоғарғы балл	Шекті балл
№ 1 шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау	Қазақша/ Орысша	50	25
№ 2 шығармашылық емтихан	Мамандығы	Қазақша/ Орысша	50	25
Барлығы			100	50

Магистратураға балл бойынша.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін ең төменгі балл – 75 балл.

Докторантураға балл бойынша.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін ең төменгі балл – 75 балл.

Приложение 1-2
к Типовым правилам приема на обучение в
организации образования, реализующие
образовательные программы послевузовского
образования

Шкала перевода баллов международного сертификата, подтверждающего владение иностранным языком в соответствии с общеевропейскими компетенциями (стандартами) владения иностранным языком в баллы по тесту иностранного языка КТ в магистратуру с казахским или русским языком обучения

Вид теста	Баллы	Баллы по иностранному языку
IELTS	не менее 6	25
	не менее 6,5	30
	не менее 7	40
	не менее 7,5	45
	не менее 8	50
TOEFL IBT	не менее 78	25
	не менее 93	30
	не менее 101	40
	не менее 109	45
	не менее 114	50
DSH, TestDaF-Prüfung	не менее уровня B2	25
	Niveau C1/уровень C1	35
	Niveau C2/уровень C2	50
TFI, DELF, DALF, TCF	не менее уровня B2	25
	не менее уровня C1	35
	не менее уровня C2	50

9 қосымша

Докторантураға түсу үшін Эссе келесі сұрақтарға жауап беруі керек:

1. Неліктен сізді ғылыми қызмет қызықтырады?
2. Зерттеудің қай бағытын таңдауды жоспарлап отырсыз және неге?
3. Неліктен өз зерттеулеріңіздің негізі ретінде философия докторы дәрежесін алу үшін Қазақ ұлттық консерваториясын таңдайсыз?
4. Зерттеу бағытында не істедіңіз? Әрі қарай ғылыми даму үшін қандай нәтижелерді болашағы бар деп санайсыз?

Эссе көлемі-800-1000 сөз.